

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТТЕР/ОРТАЛЫҚТАР ЖАНЫНДА
МОБИЛЬДІ ТОПТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ И
ФУНКЦИОНИРОВАНИЮ МОБИЛЬНЫХ ГРУПП ПРИ
МЕТОДИЧЕСКИХ КАБИНЕТАХ/ЦЕНТРАХ**

Астана, 2024

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

Әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2024 ж. – 23 бет.

Пікір жазғандар:

Жиенбаева С. Н., п.ғ.д., профессор;
Наренбаева М. Ж., меңгеруші;
Амантаева А.А., әдіскер.

Әдістемелік ұсынымдарда әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша ұсынымдар берілген.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2024 жылғы 17 маусымдағы № 5 хаттама).

«Балаларды ерте дамыту институты», 2024 ж.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Әдістемелік ұсынымдардың өзектілігі, яғни мектепке дейінгі білім берудің қарқынды дамуы мен педагогикалық практиканың үнемі жаңаруы жағдайында тәрбиешілердің біліктілігін арттыру және олардың заманауи әдістемелік ресурстарға қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Алайда, кейбір педагогтердің кәсіби дамуы үшін тең мүмкіндіктері болмайды.

Ауылдық жердегі немесе қаланың шалғай ауданындағы тәрбиеші көбінесе біліктілікті арттыру курстарына бару, конференциялар мен семинарларға қатысу, басқа мектепке дейінгі ұйымдардағы әріптестерімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі болмайды.

Әдістемелік кабинеттерде/орталықтарда ұйымдастырылған мобильді топтар осы мәселені шешуге арналған.

Олар тәрбиешілердің жұмыс орнына қарамастан кәсіби дамуына жағдай жасай отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда тікелей қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметінің мақсаты мен міндеттерін айқындау, ұйымдастыру және жұмыс жүргізу бойынша ұсынымдар әзірлеу, құрамы мен функцияларын анықтау және мобильді топтар жұмысының тиімділігін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу қажет.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты-әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанындағы мобильді топтарға көмек көрсету.

Міндеттері:

- мобильді топтарды ұйымдастыру үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша жергілікті жердегі білікті мамандардан команда құру;
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруға қолдау көрсету, педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру;
- мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сынып ата-аналарына балаларды тәрбиелеу мен дамытуда қолдау көрсету;
- мобильді топтар желісін кеңейту, олардың жұмысын дұрыс үйлестіру арқылы сапаға қол жеткізу.

Әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтардың тиімді және сауатты ұйымдастырылуы мен қызметі арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің біліктілігін арттыру, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыру, тәрбиешілердің кәсіби дамуы мен олардың бір-бірімен тәжірибе алмасуы үшін жағдайлар жасау, мектепке дейінгі білім беруде бірыңғай білім беру кеңістігін құру.

Осы әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі білім беруде мобильді топтардың ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі қағидалары қарастырылады [2]; жұмысты жоспарлау, топ құрамын жасақтау, семинарлар

мен шеберлік сыныптарының тақырыбын таңдау, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым басшыларымен және тәрбиешілерімен тиімді өзара әрекет ету бойынша практикалық кеңестер беріледі [3]; әдістемелік кабинеттерге/орталықтарға мобильді топтардың жұмысын тиімді ұйымдастыру, мектепке дейінгі білім берудің барлық педагогтері үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету және әрбір мектепке дейінгі ұйымда балалардың үйлесімді дамуы үшін жағдайлар жасау [4].

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің оңтайлы және жүйелі кәсіби дамуы үшін жағдай жасауға ықпал ететін әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша практикалық нұсқаулықты қамтиды.

Бұл материал әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған құрал және әдістемелік ұсынымдар болып табылады.

Мобильді топтардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, өңірлердегі меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарының озат тәжірибесін жинақтау мен таратуға, оларға толық әдістемелік қолдау көрсетуге, нәтижесінде сапаны арттыруға ықпал етеді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МОБИЛЬДІ ТОПТАР

Мобильді топтар аудандық (қалалық) немесе облыстық әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің бұйрықтарымен құрылады. Оның құрамында аталған әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің маманы немесе әдіскері сондай-ақ білікті мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, әдіскерлері мен педагогтер және жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сынып педагогтері болады.

Мобильді топтың жұмысын әдістемелік орталықтар мен кабинеттердің маманы немесе әдіскері үйлестіреді және ол сол топтың басшысы болып табылады. Басшы мобильді топтың жұмысын дамыту стратегиясын, жұмыстың әдістері мен нысандарын анықтайды, материалды жалпылайды және жүйелейді, ұсыныстарды талдайды және оны топтың талқылауына ұсынады.

Мобильді топтың жоспарын жасау үшін өңірдегі мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарт талаптарын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен бағдарламасының орындалуы бойынша жұмыстары (заттық-кеңістіктік дамытушы органы құру, тәрбиелеу-білім процесін ұйымдастыру, Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру бойынша

мониторинг, вариативтік дамытушы білім беру бағдарламаларын қолдану) зерделеніп, әдістемелік қолдауды қажет ететін білім беру ұйымдарын есепке ала отырып, жылдық жоспар жасалады.

Мобильді топтың мақсаты – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру, мектепке дейінгі ұйымдарды тиімді дамыту үшін жағдай жасау, ұсынылатын білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- әрбір педагогтің кәсіби құзыреттілігін, педагогикалық шеберлігін арттыру және шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдайлар жасау;

- озық педагогикалық тәжірибені анықтау, зерделеу, жалпылау, тарату және енгізу;

- педагог қызметкерлерді мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары, педагогикалық процесті ұйымдастыруға қойылатын заманауи талаптар туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету;

- даму ортасының мазмұнын жетілдіруде мектепке дейінгі ұйымға әдістемелік көмек көрсету;

- балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогтерге және ата-аналарға әдістемелік қолдау мен қажетті көмек көрсету;

- сапалы білім беру қызметтерін көрсетуде мектепке дейінгі ұйымдардың әлеуетін арттыру.

Әдістемелік жұмыстың мазмұны педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар мынадай **3 бағытта** жүргізіледі.

1. Педагогті дамытуға бағытталған жұмыс:

- әр педагогтің білімін байыту (теориялық және практикалық);

- педагогтің шығармашылық қызметке ынтасын арттыру;

- педагогикалық шеберлікті дамыту.

2. Ұжымның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыс:

- тәрбиелеу-білім беру процесінің нақты нәтижелерін талдау;

- балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру деңгейлерін талдау;

- ұжымда әзірленген авторлық бағдарламаларды, жоспарларды, құралдарды талдау;

- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, анықтау және тарату.

3. Тәрбиелеу - білім беру процесін жетілдіруге және мектепке дейінгі ұйымның басқа білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығын дамытуға бағытталған жұмыс:

- мектепке дейінгі ұйымның қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға және іске асыруға көмектесу;

- озық және инновациялық тәжірибенің жетістіктерін енгізу;

- ұжымның озат тәжірибесін мектепке дейінгі ұйымнан тыс тарату.

Мобильді топтардың басымдығы (1-кесте):

- қол жетімділік;
- жеке тәсіл;
- практикаға бағытталуы;
- кәсіби дамуды ынталандыру.

1-кесте. Мобильді топтардың басымдығы

<i>№</i>	<i>Басымдығы</i>	<i>Сипаттамасы</i>
1	Қол жетімділік	Педагогтерден ұзақ сапарға шығуды немесе жұмыстан қол үзуді талап етпей, тікелей МДҰ-да білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді
2	Жеке тәсіл	Нақты МДҰ жұмысының ерекшелігін ескереді, өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі, жеке кеңес береді
3	Практикаға бағытталуы	Теориямен шектелмейді, практикалық дағдыларды ұсынады, табысты үлгілерді көрсетеді, жаңа әдістер мен құралдарды меңгеруге көмектеседі
4	Кәсіби дамуды ынталандыру	Педагогтерге шығармашылықпен жұмыс жасауға және өзара әрекет етуге жағдай жасайды, оларды өз бетінше ізденуге және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге ынталандырады

Мобильді топтар жұмысының негізгі бағыттары:

- МДҰ педагогтерінің қызметін бақылау және оны талдау негізінде әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастыру;
- жұмыстың тиімді нысандары мен олардың нәтижелері туралы деректер қорын құру;
- жергілікті жерлерде педагогтерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдістемелік жұмысының мазмұнын әзірлеу бойынша шығармашылық топтар құру;
- тәжірибені таратудың тиімді тәсілдерін әзірлеу және педагогтерге кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік беру;
- тәжірибе алмасуды, шеберлік сыныптарын тұрақты түрде ұйымдастыру.

Мобильді топтардың құрамына:

- басшыны;
- әдіскерлерді;
- педагог-практиктерді енгізу ұсынылады.

Мобильді топтардың міндеттері(2-кесте):

- оқыту (үйрету) және кеңес беру;
- үздік тәжірибелерді көрсету;
- ақпаратты жинау және талдау;
- мектепке дейінгі ұйымдармен өзара әрекет ету.

2-кесте. Мобильді топтардың міндеттері

№	Міндеттері	Сипаттамасы
1	Оқыту (үйрету) және кеңес беру	Тәрбиешілерге өзекті тақырыптар бойынша шеберлік сыныптарын, тренингтер мен семинарлар өткізу, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру
2	Үздік тәжірибелерді көрсету	Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді көрсету, табысты педагогикалық жобаларды таныстыру, жаңа әдістемелік материалдар мен ойындарды қолдануды көрсету
3	Ақпаратты жинау және талдау	Педагогикалық қажеттіліктерге диагностика жүргізу, мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру (заттық дамытушы ортаны) ортасын талдау, дамудың перспективалық бағыттарын анықтау
4	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен өзара әрекет ету	Педагогикалық қауымдастықпен байланыс орнату, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысуды ұйымдастыру, тәжірибемен және ресурстармен алмасу

Мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі (3-кесте):

- жұмысты жоспарлау;
- қатысушылардың топтарын жасақтау;
- тиімділікті бағалау.

3-кесте. Мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі

№	Міндеттері	Сипаттамасы
1		
	Жұмысты жоспарлау	өңірде мобильді топтар құру және олардың қызметі туралы құжаттарды рәсімдейді; жылдық жұмыс жоспарын және мобильді топтардың қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтар әзірлейді; құзіреттілік орталықтарының қызметін іске асыру бойынша ұсынымдар әзірлейді
2	Қатысушылардың топтарын жасақтау	мобильді топтардың құрамын жасақтайды, мобильді топтардың басшыларын анықтайды; аудандық (қалалық) мобильді топтардың ықпалдастығын қамтамасыз етеді және олардың қызметін үйлестіреді; жұмыс кестесін және озық тәжірибені тарату үшін іс-шаралар жоспарын жасайды; олардың қызметін үйлестіреді және әдістемелік қолдауды жүзеге асырады
3	Тиімділікті бағалау	мобильді топтарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді, жұмыстың тиімділігін талдайды және зерттейді; құзыреттілік орталықтарына қолдау және кеңес беруді ұйымдастырады; туындаған қиындықтарды талқылайды, оларды шешу жолдарын ұсынады; жұмыстың тиімділігін талдайды және зерделейді

МОБИЛЬДІ ТОПТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

Мобильді топтар мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруда ұйымдастырушы және үйлестіруші болып табылады. Олар тәрбиешілердің кәсіби өсуіне ықпал етеді, тәжірибе алмасуға және өзара әрекет етуге жағдай жасайды, әрбір мектепке дейінгі ұйымда балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Мобильді топтардың мектепке дейінгі ұйымдармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- шеберлік сыныптары;
- оқыту семинарлары;
- семинар-практикумдар;
- ашық есік күндері;
- тренингтер;
- пікірсайыс;
- іскерлік ойындар және басқалар.

Мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыруда келесі ұсынымдарды ескеру қажет (4-кесте):

- тақырыптың өзектілігі;
- интерактивтілік;
- жеке тәсіл;
- коммуникативтілік;
- ата-аналармен ынтымақтастық;
- практикалық сабақтар өткізу;
- ақпараттық ресурс құру.

Мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыру (4-кесте)

№	Ұсынымдар	Сипаттамасы
1	Тақырыптың өзектілігі	Семинарлар, шеберлік сыныптары мен консультациялар үшін тақырыптарды таңдау мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесінің өзекті мәселелері мен талаптарына негізделуі тиіс
2	Интерактивтілік	Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану, тәрбиешілерді пікірталасқа тарту, практикалық тапсырмалар мен ойындарды қолдану
3	Жеке тәсіл	Мектепке дейінгі ұйым мен педагогикалық қауымдастық қызметінің бағытын ескеру, тәрбиешілердің сұраныстары бойынша жеке консультациялар беру
4	Коммуникативтілік	Тәрбиешілер арасында тәжірибе алмасу үшін платформа құру, форумдар, конференциялар, онлайн-қауымдастықтар ұйымдастыру
5	Ата-аналармен ынтымақтастық	Мобильді топ тәрбиешілермен және ата-аналармен бірлескен іс-шаралар өткізе алады, мысалы, балалармен ойын әрекетін ұйымдастыру бойынша шеберлік сыныптары, шығармашылық байқаулар
6	Практикалық	Мобильді топ тәрбие мен оқытудың жаңа әдістері мен

	сабақтар өткізу	тәсілдерін көрсете отырып, ашық есік күнін өткізе алады
7	Ақпараттық ресурс құру	Мобильді топ әлеуметтік желілерде өз жұмысы туралы ақпарат, жаңа әдістемелерді, ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған материалдарды қолдану бойынша ұсынымдар орналастырылатын сайт немесе топ құра алады

Осылайша, мобильді топтың жұмысында мектеп жасына дейінгі балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Мобильді топ мектепке дейінгі білім берудегі білім беру тәжірибесінің өзгермелі талаптарына икемделуі және бейімделуі қажет. Мектепке дейінгі білім беруде мобильді топтың тиімді жұмысын ұйымдастыру педагогтердің біліктілігін арттыруға, олардың әлеуетін дамытуға және өңірде бірыңғай білім беру кеңістігін құруға ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша әдістемелік ұсынымдарда мобильді топтардың жұмысының табысты болуы тақырыптың өзектілігіне, жеке тәсіл мен коммуникативтілікке байланысты болатыны берілген.

Тақырыптың өзектілігі - қазіргі кезде мектепке дейінгі білім берудің сұранысына негізделген тақырыптарды таңдау болып табылады.

Интерактивтілік - тәрбиешілерді әрекетке тартатын және жаңа білімді практикада қолдануға ықпал ететін тәрбие мен оқытудың белсенді әдістерін қолдану қажеттілігі.

Жеке тәсіл әрбір мектепке дейінгі ұйымның және оның педагогикалық құрамының ерекшеліктерін ескереді, мобильді топтың жұмысын тиімді етуге ықпал етеді.

Коммуникативтілік тәрбиешілердің тәжірибе алмасуы үшін платформалар құруға, бірыңғай білім беру кеңістігін нығайтатын және педагог кадрлардың тұрақты дамуына жағдай жасайтын форумдар мен онлайн-қауымдастықтар ұйымдастыруға көмектеседі.

Осы қағидаларды сақтау мобильді топтарды әрбір мектепке дейінгі ұйымда балалардың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасауға ықпал ететін мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың тиімді құралына айналдыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған әдістемелік ұсынымдар әдістемелік кабинеттерге/орталықтарға мобильді топтардың жұмысын тиімді және білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін барынша пайдалы етіп ұйымдастыруға көмектеседі.

Қазіргі заманғы білім беру табысты әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтенуді, білім берудің тиімділігін, болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті қабілеттерді іске асыруға бағытталған жаңа тәсілдер мен шешімдерді енгізуді талап етеді.

Әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің біліктілігін арттыруға, тәрбиешілердің әдістемелік портфолиосын толықтыруға, мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға және тәрбиешілердің кәсіби дамуы үшін жасалатын жағдайларға көңіл бөлуді ұсынады.

Осылайша, әдістемелік кабинеттер/орталықтар жанында мобильді топтарды ұйымдастыру және олардың қызметі бойынша кешенді жұмыс мектепке дейінгі ұйым қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
3. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
4. Исаева Ж.К., Онланбеккызы Г., Мукушева Г.О. Основы социально-эмоционального и интеллектуального развития дошкольника // Материалы Международной научно-технической онлайн-конференции «Reviews of Modern Science». – Zurich: Universität Zürich, 16-17 мая 2024 г. – С.72-76. – <https://ojs.publisher.agency/index.php/RMS/issue/view/83/206>

МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мобильді топтар	4
4	Мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар	8
5	Қорытынды	10
6	Қолданылған әдебиетер	11

*Разработаны на базе Института раннего развития детей
Министерства просвещения Республики Казахстан*

Методические рекомендации по организации и функционированию мобильных групп при методических кабинетах/центрах: Методические рекомендации. – Астана, 2024г. – 23 стр.

Рецензенты:

Жиенбаева С. Н., д.п.н., профессор

Наренбаева М. Ж., заведующая

Амантаева А.А., методист

В Методических рекомендациях рассматриваются рекомендации организации и функционированию мобильных групп при методических кабинетах/центрах.

Данные Методические рекомендации рекомендованы работникам дошкольных организаций.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Института раннего развития детей МП РК (протокол № 5 от 17 июня 2024 года).

Институт раннего развития детей, 2024 год

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Актуальность методических рекомендаций заключается в том, что в условиях стремительного развития дошкольного образования и постоянного обновления педагогических практик особую актуальность приобретает повышение квалификации воспитателей и обеспечение их доступа к современным методическим ресурсам.

Однако не все педагоги имеют равные возможности для профессионального развития.

Воспитатель в сельской местности или удаленном районе города часто лишен возможности посещать курсы повышения квалификации, участвовать в конференциях и семинарах, общаться с коллегами из других организаций дошкольного образования.

Мобильные группы, организованные при методических кабинетах/центрах, предназначены для решения этой проблемы.

Они предоставляют возможность получить актуальные знания и навыки непосредственно в организациях дошкольного образования, создавая условия для профессионального развития воспитателей независимо от места их работы.

Для организации и функционирования мобильных групп при методических кабинетах/центрах необходимо определить цели и задачи работы, разработать рекомендации по организации и функционированию, определить состав и функции и разработать критерии оценки эффективности работы мобильных групп.

Целью методических рекомендаций является оказание помощи мобильным группам при методических кабинетах/центрах.

Задачи:

- создание команды на местах в области из квалифицированных специалистов дошкольного воспитания и обучения для организации мобильных групп;
- сопровождение организации воспитательно-образовательного процесса, повышение профессионального мастерства педагогов;
- оказание поддержки родителям в воспитании и развитии детей;
- расширение сети мобильных групп, достижение качества путем правильной координации их работы.

При эффективной и грамотной организации и функционирования мобильных групп при методических кабинетах/центрах можно прийти к следующим результатам: повышение квалификации воспитателей организаций дошкольного образования, качества образовательного процесса в дошкольных организациях, создание условий для профессионального развития воспитателей и обмена опытом между ними, создание единого образовательного пространства в дошкольном образовании.

В настоящих методических рекомендациях рассматриваются основные принципы организации и функционирования мобильных групп в

дошкольном образовании [2]; предоставляются практические советы по планированию работы, формированию состава группы, выбору тематики семинаров и мастер-классов, а также по эффективному взаимодействию с воспитателями и руководителями дошкольных организаций [3]; даются рекомендации методическим кабинетам/центрам в вопросах организации эффективной работы мобильных групп, обеспечения доступности качественного образования для всех педагогов дошкольного образования и, в конечном итоге, создания условий для гармоничного развития детей [4] в каждой дошкольной организации.

Данные методические рекомендации представляют собой практическое руководство по организации и функционированию мобильных групп при методических кабинетах/центрах, помогая создать условия для эффективного и системного профессионального развития воспитателей дошкольных организаций.

Данный материал является инструментом и методическими рекомендациями для педагогов дошкольных организаций по организации и функционированию мобильных групп при методических кабинетах/центрах.

Правильная организация работы мобильных групп способствует обобщению и распространению передового опыта дошкольных организаций и классов предшкольной подготовки общеобразовательных школ независимо от формы собственности и ведомственной принадлежности в регионах, оказанию им полного методического сопровождения и повышению качества.

МОБИЛЬНЫЕ ГРУППЫ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Мобильные группы создаются приказами районных (городских) или областных методических центров и кабинетов. В его состав входят специалист или методист методических центров и кабинетов, а также квалифицированные руководители, методисты и педагоги дошкольных организаций и педагоги предшкольных классов общеобразовательных школ.

Работу мобильной группы координирует специалист или методист методических центров и кабинетов и является руководителем этой группы. Руководитель определяет стратегию развития работы мобильной группы, методов и форм работы, обобщает и систематизирует материал, анализирует предложения и представляет их на обсуждение группы.

Для разработки плана мобильной группы изучают работу дошкольных организаций и предшкольных классов региона по соблюдению требований Общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения, по выполнению Типового учебного плана и Программы дошкольного воспитания и обучения (создание предметно-пространственной развивающей среды, организация воспитательно-образовательного процесса, мониторинг по освоению содержания Типовой программы, использование вариативных развивающих образовательных программ), составляют годовой план

работы, с учетом организаций образования, нуждающихся в методической сопровождении.

Цель мобильной группы – реализация государственной политики в сфере дошкольного воспитания и обучения, создание условий для эффективного развития дошкольных организаций, обеспечение качества предоставляемых образовательных услуг.

Задачи:

- создание условий для повышения профессиональной компетенции, роста педагогического мастерства и развития творческого потенциала каждого педагога;

- выявление, изучение, обобщение, распространение и внедрение передового педагогического опыта;

- обеспечение педагогических работников необходимой информацией об основных направлениях развития дошкольного образования, современных требованиях к организации педагогического процесса;

- оказание методической помощи в совершенствовании содержания развивающей среды ДО;

- оказание методической поддержки и необходимой помощи педагогам и родителям по вопросам воспитания, обучения, развития детей;

- повышение потенциала дошкольных организаций в предоставлении качественных образовательных услуг.

Содержание методической работы направлено на развитие профессиональной компетентности педагогических кадров, повышение качества работы дошкольной организации и проводится в **3 направлениях**.

1. Работа, направленная на развитие педагога:

- обогащение знаний каждого педагога (теоретических и практических);

- развитие мотивации педагога к творческой деятельности;

- развитие педагогического мастерства.

2. Работа, направленная на развитие творческого потенциала коллектива:

- анализ конкретных результатов воспитательно-образовательного процесса;

- анализ уровней усвоения детьми содержания Типовой учебной программы;

- анализ авторских программ, планов, инструментов, созданных в коллективе;

- изучение, выявление и распространение передового педагогического опыта.

3. Работа, направленная на совершенствование воспитательно - образовательного процесса и развитие сотрудничества дошкольной организации с другими организациями образования:

- содействие в соблюдении и реализации требований нормативных документов, обеспечивающих деятельность дошкольной организации;

- внедрение достижений передового и инновационного опыта;
- распространение передового опыта коллектива вне дошкольной организации.

Преимущества мобильных групп (Таблица 1):

- доступность;
- индивидуальный подход;
- практическая направленность;
- стимулирование профессионального развития.

Таблица 1. Преимущества мобильных групп

<i>№</i>	<i>Преимущества</i>	<i>Характеристики</i>
1	Доступность	Предоставляют возможность получить знания и навыки непосредственно в ДОО, не требуя от педагогов длительных поездок или отрыва от работы.
2	Индивидуальный подход	Учитывают специфику работы конкретной ДОО, помогают решать актуальные проблемы, предоставляют индивидуальные консультации.
3	Практическая направленность	Не ограничиваются теорией, а предоставляют практические навыки, демонстрируют успешные примеры, помогают освоить новые методики и инструменты.
4	Стимулирование профессионального развития	Создают атмосферу творческого общения и взаимодействия между педагогами, мотивируя их к самостоятельной работе и совершенствованию своих профессиональных компетенций.

Основные направления работы мобильных групп:

наблюдение практики педагогов ДО и организация методической помощи на основе анализа

создание банка данных об эффективных формах работы и их результатах

создание творческих групп по разработке содержания методической работы ДВО по точечным трудностям педагогов на местах

разработать эффективные способы передачи опыта и предоставлять педагогам такую возможность повышения профессиональной компетентности

регулярный обмен опытом, мастер классы, площадки:

В состав мобильной группы рекомендуется вводить:

- руководителя;
- методистов;
- педагогов-практиков.

Функции мобильной группы (Таблица 2):

- обучение и консультирование;

- демонстрация лучших практик;
- сбор и анализ информации;
- взаимодействие с организациями дошкольного образования.

Таблица 2. *Функции мобильной группы*

<i>№</i>	<i>Функции</i>	<i>Характеристики</i>
1	Обучение и консультирование	Проведение мастер-классов, тренингов, семинаров для воспитателей по актуальным темам, предоставление индивидуальных консультаций по вопросам организации образовательного процесса, методик развития детей, использования дидактических материалов.
2	Демонстрация лучших практик	Показ открытых занятий, презентация успешных педагогических проектов, демонстрация применения новых методических материалов и игр.
3	Сбор и анализ информации	Проведение диагностики педагогических нужд, анализ образовательной среды организаций дошкольного образования, выявление перспективных направлений развития.
4	Взаимодействие с организациями дошкольного образования	Установление контактов с педагогическим сообществом, организация взаимопосещений занятий, обмен опытом и ресурсами.

Организация и деятельность мобильных групп (*Таблица 3*):

- планирование работы;
- формирование групп участников;
- оценка эффективности.

Таблица 3. *Организация и деятельность мобильных групп*

<i>№</i>	<i>Функции</i>	<i>Характеристики</i>
1		
	Планирование работы	оформляет документы о создании мобильных групп в регионе и их деятельности; составляет годовой план работы и инструкции по организации деятельности мобильных групп; разрабатывает рекомендации для центров компетенций по реализации их деятельности
2	Формирование групп участников	формирует их состав, определяет руководителей мобильных групп; обеспечивает сотрудничество районных (городских) мобильных групп и их координирует деятельность; составляет график работы и план мероприятий для трансляции передового опыта; координирует их деятельность и осуществляет методическое сопровождение
3	Оценка эффективности	оказывает методическую и практическую помощь мобильным группам, анализирует и изучает эффективность работы; организует сопровождение и консультирование центров компетенций; обсуждает возникающие трудности, предлагает пути их решения; анализирует и изучает эффективность работы.

РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ МОБИЛЬНЫХ ГРУПП

Мобильные группы являются организатором и координатором для повышения качества дошкольного образования. Они способствуют профессиональному росту воспитателей, создают условия для обмена опытом и взаимодействия между ними, и в конечном итоге помогают обеспечить всестороннее развитие детей в каждой дошкольной организации.

Виды работ, проводимых мобильными группами с дошкольными организациями:

- мастер-классы;
- обучающие семинары;
- семинары-практикумы;
- день открытых дверей;
- тренинги;
- дебаты;
- деловые игры и другие.

При организации работы мобильных групп важно учесть следующие рекомендации (Таблица 4):

- актуальность тематики;
- интерактивность;
- индивидуальный подход;
- коммуникативность;
- взаимодействие с родителями;
- проведение практических занятий;
- создание информационного ресурса.
-

Таблица 4. Организация работы мобильной группы

№	Рекомендации	Характеристики
1	Актуальность тематики	Выбор тем для семинаров, мастер-классов и консультаций должен быть основан на актуальных проблемах и требованиях образовательного процесса в дошкольном образовании.
2	Интерактивность	Использование интерактивных методов обучения, активное вовлечение воспитателей в дискуссии, практические задания, использование игровых техник.
3	Индивидуальный подход	Учет направления деятельности дошкольной организации и педагогического сообщества, предоставление индивидуальных консультаций по запросу.
4	Коммуникативность	Создание платформы для обмена опытом между воспитателями, организация форумов, конференций, онлайн-сообществ.
5	Взаимодействие с родителями	Мобильная группа может проводить совместные мероприятия с воспитателями и родителями, например, мастер-классы по играм с детьми, творческие конкурсы.
6	Проведение	Мобильная группа может проводить день открытых дверей,

	практических занятий	демонстрируя новые методы и приемы воспитания и обучения.
7	Создание информационного ресурса	Мобильная группа может создать сайт или группу в социальных сетях, где будет размещаться информация о своей работе, рекомендации по использованию новых методик, материалы для занятий.

Таким образом, в работе мобильной группы необходимо учитывать возрастные и индивидуальные особенности детей дошкольного возраста. Мобильная группа должна быть гибкой и адаптируемой к изменяющимся требованиям образовательной практики в дошкольном образовании. Организация эффективной работы мобильной группы в дошкольном образовании способствует повышению квалификации педагогов, расширению их потенциала, и созданию единого образовательного пространства в регионе.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Разработка методических рекомендаций по организации и функционированию мобильных групп при методических кабинетах/центрах обусловлена тем, что успех работы мобильных групп зависит от актуальности тематики, интерактивности, индивидуального подхода и коммуникативности.

Актуальность тематики заключается в выборе тем, основанном на запросах современного дошкольного образования.

Интерактивность – это необходимость использовать активные методы воспитания и обучения, вовлекающие воспитателей в процесс и способствующие практическому применению новых знаний.

Индивидуальный подход учитывает особенности каждой дошкольной организации и ее педагогического состава, позволит сделать работу мобильной группы более эффективной.

Коммуникативность помогает создать платформы для обмена опытом между воспитателями, организовать форумы и онлайн-сообщества, которые укрепят единое образовательное пространство и создадут условия для постоянного развития педагогических кадров.

Соблюдение этих принципов позволит сделать мобильные группы действенным инструментом повышения качества дошкольного образования, способствующим созданию условий для всестороннего развития детей в каждой дошкольной организации.

Представленные методические рекомендации помогут методическим кабинетам/центрам организовать работу мобильных групп эффективно и с максимальной пользой для всех участников образовательного процесса

Современное образование требует введения новых подходов и решений, направленных на реализацию способностей, необходимых для успешной социальной адаптации и социализации, эффективности образования, будущей профессиональной деятельности.

Методические рекомендации по организации и функционированию мобильных групп при методических кабинетах/центрах призваны сфокусировать внимание на повышении квалификации воспитателей дошкольных организаций, расширении методического портфолио воспитателей, качестве воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организациях, условиях для профессионального развития воспитателей.

Таким образом, комплексная работа по организации и функционированию мобильных групп при методических кабинетах/центрах является одной из важнейших составляющих деятельности дошкольной организации.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА

1. Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023-2029 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249. – 2023. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
2. Модель развития дошкольного воспитания и обучения: Постановление Правительства от 15 марта 2021 г. № 137. – 2021. – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>).
3. О статусе педагога: Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI ЗРК. – 2019. – (<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>).
4. Исаева Ж.К., Онланбеккызы Г., Мукушева Г.О. Основы социально-эмоционального и интеллектуального развития дошкольника // Материалы Международной научно-технической онлайн-конференции «Reviews of Modern Science». – Zurich: Universität Zürich, 16-17 мая 2024 г. – С.72-76. – <https://ojs.publisher.agency/index.php/RMS/issue/view/83/206>

СОДЕРЖАНИЕ

1	Пояснительная записка	14
2	Мобильные группы в дошкольном образовании	15
3	Рекомендации по организации работы мобильной группы	19
4	Заключение	21
5	Использованная литература	22